

А.Б. Шакирова^{1*}, А.Лавничак², Н.Р. Весельская³

¹Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан;

²Вроцлав университеті, Польша;

³ Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қазақстан

(E-mail: altunay.shakirova@mail.ru*, lavka@prawo.uni.wroc.pl, Scopus ID: 57217977849, veselskiy-l@mail.ru)

Білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу

Мақалада білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық реттеу механизмі ашылған және осы институттың негізгі ерекшеліктері қарастырылған. Білім беру саласындағы адам құқықтарын құқықтық бекітумен практикалық жүзеге асырудың өзекті мәселелері талқыланып, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамды дамыту жағдайында азаматтардың білім алуға конституциялық құқығын толыққанды және сапалы қамтамасыз етуді жүзеге асыру проблемаларын шешу жолдары ұсынылды. Танымның жалпы және арнайы ғылыми әдістері негізінде теориялық және эмпирикалық материалдарды талдау және жалпылау жүргізілген. Зерттеу нәтижесі білім беру ортасында адам құқықтарын нормативтік-құқықтық реттеудің даму үрдістерін анықтау және білім беру саласындағы заңнаманы одан әрі жаңғырту перспективаларын айқындау. Білім беру саласындағы адам құқықтары оқыту мен тәрбиелеудің кез келген түрімен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және адам құқықтарын жүзеге асырудың құқықтық тетіктерін қалыптастырады. Зерттеудің мақсаты — осы саладағы адам құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ортасында адам құқықтарын нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру жолдарын әзірлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім туралы заңнаманы жүйелі жаңғырту бойынша нақты ұсынымдарды қалыптастыру.

Кілт сөздер: білім, білім беру саласы, білім алу құқығы, нормативтік-құқықтық реттеу, құқық теориясы, адам құқықтары, құқықтық қатынастар, комиториялық құқықтық қатынастар, білім беру ортасы.

Kipicne

Еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бастап әлемде басты құндылық ретінде танылған адам құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға жоғарғы деңгейде мән беріліп келеді. Осыған қарамастан, құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі ретінде танылған адам құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуы қоғамдық қатынастардың қай саласын алып қарасақта, оларды нормативтік-құқықтық реттеу әлі күнге дейін толыққанды қамтамасыз етілмей отыр. Осындай салалардың бірі — білім беру саласы. Қазіргі жаһандану жағдайында азаматтардың білім алу құқығын жүзеге асыру қоғам мен мемлекет дамуының маңызды және қажетті алғышарты болып табылады. Жеке адамның қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім алу құқығы — бұл адам мен азаматтың іргелі конституциялық құқықтары ретінде танылады. Білім алудың жалпы маңыздылығы, оның ішінде қоғамның мәдениеті мен адамгершілік бағыттарын зерттеу білім алу процесін жеке адамның ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесіне белсенді әсер ететін, белгілі бір білім беру институттары мен педагогикалық процестің белгілі бір модельдерін қолдайтын қоғам мен мемлекеттің де қызығушылығын тудырады. Қоғамда адамдарға қалыпты өмір сүру жағдайын қанағаттандыру үшін оның құқықтары мен бостандықтарын сақтауын және мемлекет тарапынан осы құқықтардың дұрыс қамтамасыз етілуі үшін жалпыға ортақ нормативтік-құқықтық реттеу жүйесін орнықтыру қажет. Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықты әлеуметтік қорғау және оны жүзеге асыру тетігі адамның құқықтары мен бостандықтары туралы бекітілген халықаралық актілер негізінде реттеледі [1; 49]. Адамның саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын сақтау туралы халықаралық-құқықтық құжаттар жалпыға бірдей ортақ құқықтар мен бостандықтарды тани отырып, жеке тұлғаның тілдік, діни, еңбек мүдделерін жүзеге асыруға, демалыс пен бос уақытты ұйымдастыруға, әлеуметтік, материалдық және моральдық мүдделерін қорғауға бағытталған құқықтық реттеу нысаны болып табылады.

Әдістер мен материалдар

Мақаланы жазу барысында ғылыми зерттеудің салыстырмалы-құқықтық, логикалық, болжамдық әдістері қолданылып, эмпирикалық деректер талданды. Қолданылған әдістер бір-бірін өзара толық-

тырады. Талдау мен жалпылаудың көмегімен жеке ғалымдардың құқықтық бастаулары, көзқарастары мен теориялары қарастырылады және құқық теориясындағы білім беру ортасында адам құқықтарын нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін ашатын жеке пікірлер мен ережелер талданды. Зерттеудің негізі құқықтық нормалар мен қоғамдық қатынастардың даму қарқынын және өзгергіштігін көрсететін диалектикалық тәсіл болып табылады. Сонымен қатар, білім беру ортасындағы адам құқықтарын жүзеге асырудың негізі ретінде әрекет ететін құқықтық қағидалар мен құқықтық құндылықтар метафизикалық негіз ретінде қарастырылады. Теориялық негізін белгілі ресейлік және қазақстандық заңгерлердің еңбектері мен әртүрлі авторларының ғылыми жұмыстары құрайды.

Талқылау

Кеңес дәуірінде білім беру әлеуметтік-мәдени құрылыстың кең саласының бөлігі ретінде қарастырылды. Білім беру саласындағы туындайтын әр түрлі қоғамдық қатынастардың өзге де қатынастардан ерекшелендіретін елеулі өзгешеліктері кеңестік құқықтанушылардың да назарынан тыс қалған жоқ. Білім беру саласындағы адам құқықтарының құқықтық табиғаты, сондай-ақ құқықтық реттеу әдістерінің ерекшеліктері сол кездің өзінде де белсенді талқыланды. Айта кету керек, кеңестік кезеңдегі пікірлер айтарлықтай әртүрлілігімен анықталады. Мәселен, кеңестік құқықтық әдебиеттерде ең көп таралған тәсіл білім беру саласындағы қатынастар әкімшілік-құқықтық реттеудің пәні ретінде қарастырылуы. Ю.М. Козловтың көзқарасы бойынша «Білім беру саласындағы адам құқықтарының құқықтық табиғаты атқарушы және әкімшілік қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға, яғни экономикалық, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-саяси құрылысты күнделікті және тікелей басқаруға байланысты дамиды» деп атап өткен [2; 42]. Бұл ретте, оның ескертуі бойынша, «әкімшілік құқықтық қатынастардың ерекшелігі оларға тиісті мемлекеттік басқару органының немесе мемлекеттік-билік сипатындағы өкілеттіктердің басқа да тасымалдаушысының міндетті түрде қатысуы болып табылады, өйткені азаматтар әкімшілік-құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылса да, мемлекеттің атқарушылық-өкімдік қызметін жүзеге асыра алмайды» деп өз көзқарасын толықтырып кетеді. Бұл көзқараспен кейбір авторлар келіспей әлеуметтік-мәдени қызмет саласындағы құқықтық қатынастарды әкімшілік-құқықтық қатынастарға жатқызуға болмайды деп түсіндіреді. Атап айтқанда, В.С. Андреев оларды әлеуметтік қамсыздандыру қатынастарына немесе мүліктік емес сипаттағы жеке қатынастарға жатқызуды ұсынды. Ол өзінің ұсынысын бірнеше ерекшеліктерді қоспағанда, әлеуметтік-мәдени іс-әрекеттерде билік сипатының болмайтындығымен сипаттайды және азаматтар мен әлеуметтік-мәдени мекемелер (оның ішінде оқу-тәрбие) арасындағы қатынастар әкімшілік-құқықтық емес, өйткені оларда биліктің әкімшілік-құқықтық реттелуіне тән бағыну белгілері жоқ деп түсіндіреді [3; 79]. Н.С. Малейн білім беру ортасында адам құқықтарын нормативтік-құқықтық реттеуді азаматтық-құқықтық қатынастарға жатқызуды ұсынады [4; 33]. Кеңес кезеңдегі әртүрлі көзқарастар жиынтығын зерделей отырып, неғұрлым негізді көзқарас деп Ғ.С. Сапарғалиевтің тұжырымын айтуға болады. Ғ.С. Сапарғалиев оқушылардың әрекетін құқықтық қатынастарға жатқызу фактісін басшылыққа ала отырып, бұл қатынастарды басқарушылық және оқу (оқу-тәрбие) қатынастары деп ажыратуды ұсынды. Оның пікірінше, азаматтардың білім беру саласындағы құқықтық және құқықтық қабілеттілігін анықтайтын құқықтық нормаларды талдау олардың әкімшілік емес екенін көрсетеді. «Құқықтық және құқықтық қабілеттіліктің мазмұны олардың мақсатына байланысты анықталуы керек» деп тұжырымдайды [5].

Осылайша, жоғарыдағы көзқарастарды талдай отырып, кеңестік кезеңде білім беру саласындағы қатынастар негізінен әкімшілік-құқықтық реттеу объектісі ретінде танылғанын аңғаруға болады және кеңестік зерттеушілермен халықтық білім беру саласындағы құқықтық қатынастардың ерекшелігі толық түсінілмеген көре аламыз. Бұл көбінесе осы қатынастарға тән белгілердің айқын көрінбеуі мүмкін екендігімен түсіндіріледі, өйткені іс жүзінде де, кеңестік құқық нормаларда адам құқықтары мен білім беру бостандығының басымдығы қағидасы іске асырылмаған. Әкімшілік-құқықтық өріс аясында «халықтық білім беру саласындағы құқықтық қатынастарды» зерттеу оларға тән бірқатар ерекшеліктерді анықтауға әкелді, бұл оларды әкімшілік-құқықтық қатынастардың ерекше түрі — «көлденең типтегі әкімшілік-құқықтық қатынастар» ретінде анықтауға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, кеңес ғалымдарының, ең алдымен Г.А. Дорохова, Ғ.С. Сапарғалиев және С.С. Алексеевтің зерттеулерінің арқасында осы салада туындайтын құқықтық қатынастарды жүйелі зерттеу үшін теориялық және әдіснамалық алғышарттар мен білім туралы заңнаманы қалыптастыру тәсілдері жасалғанын айта кету қажет. Шын мәнінде, осы кезеңдегі зерттеулер заңмен реттелген қатынастардың жеке түрі ретінде шартты түрде «оқыту және тәрбиелеу қатынастары» деп аталатын құ-

қықтық қатынастарды, сондай-ақ оларды заңнамалық реттеудің нысандары мен әдістерін зерттеудің ғылыми дәстүрінің негізін қалаған.

Құқықтық қатынастар-қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің орталық элементтерінің бірі. Бұл құқықтық қатынас, оның танымы олардың арасындағы құқықтық байланыс субъективтік құқықтар мен заңды міндеттер түрінде пайда болатын субъектілерді нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл субъектілердің құрамын ғана емес, сонымен бірге олардың бір-біріне қатысты өзара мінез-құлқын анықтауға мүмкіндік беретін құқықтық қатынас болып табылады және кез келген жағдайда мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Білім беру жүйесінің субъектілері арасындағы құқық нормалары негізінде туындайтын барлық құқықтық қатынастар бірдей белгілермен сипатталады. Бұл білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеудің өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, білім беру саласында әлеуметтік қатынастардың екі негізгі түрі қалыптасады: білім беру қатынастары (негізгі немесе бастапқы) және білім беру қызметін (білім беру процесін) жүзеге асырумен тікелей байланысты емес қатынастар — комиторлық құқықтық қатынастар, яғни білім беру саласындағы барлық өзге құқықтық қатынастар.

Тиісінше, білім беру саласындағы барлық құқықтық қатынастар екі топқа бөлінуі мүмкін: білім беру қызметін (білім беру процесін) ұйымдастыруға және білім беруді жүзеге асыруға байланысты комиторлық құқықтық қатынастар.

Комиторлық құқықтық қатынастар — әкімшілік, азаматтық, еңбек, қаржы және өзге де құқық салаларының нормалары негізінде қалыптасатын, білім беру қызметінің процесі мен нәтижесін, жалпы білім беру жүйесінің негізгі мақсаты мен қоғамдық-мемлекеттік білім беру саясатына сәйкес жұмыс істеуін жанама түрде қамтамасыз ететін білім беру саласындағы барлық өзге де құқықтық қатынастар [6].

Қазіргі жаһандану жағдайында азаматтардың білім алу құқығын жүзеге асыру қоғам мен мемлекет дамуының маңызды және қажетті шарты болып табылады. Жеке адамның қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім алу құқығы — бұл адам мен азаматтың іргелі конституциялық құқықтарының бірі. Білім алудың жалпы маңыздылығы, оның ішінде қоғамның мәдениеті мен адамгершілік бағыттарын зерттеу білім алу процесін жеке адамның ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесіне белсенді әсер ететін, белгілі бір білім беру институттары мен педагогикалық процестің белгілі бір модельдерін қолдайтын қоғам мен мемлекеттің де қызығушылығын тудырады. Білім алу құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабында бекітілген [7]. Осылайша, білім алу құқығы қоғамның және тұтастай мемлекеттің жұмыс істеу жүйесінде нормативтік негізі бар азаматтың негізгі конституциялық құқықтарының бірі болып табылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы Заңының 1-бабына сәйкес білім беру деп имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі түсініледі [8]. Бұл ретте, білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы Заңының 3-бабының 1-тармағында бекітілген қағидаларға негізделі отырып, жүзеге асырылады.

Білім алу құқығы әр адамға тиесілі негізгі құқықтар мен бостандықтардың жиынтығын білдіреді, олардың сақталуы мен қамтамасыз етілуіне мемлекет тарапынан кепілдік беріледі, ол негізгі халықаралық құқықтық актілерде және Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес (30-бап), азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі және жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар. Орта білім алу міндетті. Білім берудің жалпыға міндетті стандарттары мемлекетпен бекітіледі және кез келген оқу орнының қызметі осы стандарттарға сай жүзеге асырылады. Білім алу құқығының табиғи сипаты адамның дамуына, өсіп-өнуіне, әр түрлі жағымы қасиеттерді жинақтауға бейім екендігімен түсіндіріледі. Белгілі бір саладағы тәжірибе, білім және білімді басқа ұрпақтарға беру, бұл білімнің мәнімен ажыратылады, білім беру және өзін-өзі жетілдіру адамның табиғи жағдайы болып табылады. Білім алу құқығы табиғи сипатына байланысты жеке тұлғаның қоғамда толыққанды өмір сүруінің негізі ретінде танылып, оның «екінші буын» құқықтарына жатқызылуына негіз бола алады.

Білім беру саласы қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды салаларының бірі болып табылады, осыған байланысты білім беру ортасындағы адам құқықтарын нормативтік-құқықтық реттеу нормативтік құқықтық актілермен егжей-тегжейлі реттеледі. Білім беру ортасындағы адам құқықтарын

нормативтік-құқықтық реттеуді жалпы білім беру қатынастарына қатысты құқықтық реттеуге және нақты білім беру деңгейлерін реттейтін сол арқылы ерекше нормалар ретінде әрекет ететін жеке құқықтық нормаларға ажыратуға болады.

Нәтижелер

Модернизация процестері аясында болып жатқан қазақстандық білім беру жүйесін құрылымдық және функционалдық қайта құру заңнамалық нормалардың бүкіл жиынтығын түбегейлі қайта қарау, білім беру саласындағы заңнаманы жаңарту және ретке келтіру міндетін жүктейді. Қазіргі саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда білім беру туралы заңнаманың қазақстандық жүйесін жетілдірудің бағыттары мен нысандарын негіздеудің өзекті ғылыми-практикалық міндеті білім беру саласында туындайтын білім беру және басқа да қатынастарды толыққанды құқықтық реттеуді қамтамасыз етудің кең теориялық және құқықтық мәселелерімен тығыз байланысты.

Шын мәнінде, бүгінде білім беру саласындағы қатынастардың барлық жиынтығын құқықтық реттеудің жаңа ғылыми негізделген тәсілдерін әзірлеу, олардың негізінде құқықтық реттеудің жаңа тетігін қалыптастыру көбінесе білім беру құқықтық қатынастарының табиғаты мен мазмұнын түсінуге, олардың осы салада туындайтын басқа құқықтық қатынастармен өзара байланысына, сондай-ақ оларды реттеудің іргелі қағидалары мен құқықтық құралдарын анықтауға байланысты. Бұл маңызды теориялық және құқықтық мәселе мұқият зерттеуді қажет етеді және теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерін қалыптастырудың ерекше маңыздылығын анықтайды.

Білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу мәселелері бойынша зерттелетін объектінің күрделі құрамы танымның жалпы ғылыми және жеке ғылыми (арнайы) әдістерінің кең спектрін қолдану қажеттілігін болжайды. Алайда, қойылған міндеттерді шешу үшін объектілерді жүйе ретінде зерттеуге, жобалауға байланысты әдіснамалық білім нысандарының бірі болып табылатын жүйелік (жүйелік-құрылымдық) әдісін пайдалану бірінші кезектегі маңызға ие екенін мойындау керек [9]. Жалпы ғылыми, пәнаралық тәсіл бола отырып, гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында белсенді қолданылады және зерттелетін құбылыстар туралы объективті және тұтас түсінік алуға мүмкіндік береді. Кеңес зерттеушілері атап өткендей, жүйелік тәсілдің сөзсіз артықшылығы бар — ол «элементтерді біртұтас жүйеге келтіре отырып, осының нәтижесінде пайда болатын интегративті қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді» және бұл оларды «бекітілген байланыстар жиынтығы» ретінде қарастыруды негіздейді. Сонымен қатар, білім беру ортасындағы адам құқықтарын нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді қалыптастырады [10].

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету — бұл білім беру процестерінің тиімділігін, тұрақтылығын, инновациясын, жоспарланған жоспарларды, жобаларды іске асыруды және білім беру процесінде тұлғаны жетілдіру жолдарын анықтауды, сондай-ақ білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ережелер, әдістер мен құралдар. Білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі Қазақстан Республикасындағы білім беру, болжау, саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен байланысты анықталады. Мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың басты құралдарының бірі нормативтік-құқықтық реттеу болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік саясат саласы дәстүрлі түрде елдің, қоғамның, экономиканың және әлеуметтік саланың даму мақсаттары мен басымдықтарын қамтиды [11].

Қазіргі жағдайда қоғам мен мемлекеттің пәндік-практикалық қызметінің тұрақты, тәуелсіз саласы ретінде білім беру танылады. Білімді бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беруді жүзеге асыруға арналған білім беру саласын әлеуметтанушылар дәстүрлі түрде отбасылық, экономикалық, саяси және азаматтық қоғамның діни институттарымен қатар қоғамдық жүйенің негізгі функционалды органы (негізгі әлеуметтік институт) деп таниды.

Білім беруді негізгі әлеуметтік институт ретінде мойындаудан білім беру қатынастары азаматтық, әкімшілік, еңбектік және басқа да құқықтық қатынастармен қатар жүретін құқықтық қатынастардың ерекше түрін құрайды деген логикалық қорытынды жасауға болады. Өздеріңіз білетіндей, қоғамдық қатынастардың салыстырмалы түрде тәуелсіз және кең таралған түрі ғана заңның жеке саласының зертеу пәні бола алады.

Заңды түрде білім беру саласы негізгі әлеуметтік институт ретінде танылады, өйткені әлеуметтік институтқа тән белгілердің барлығы білім беру саласында кездеседі.

Қорытынды

Білім беру ортасындағы адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу мәселесін тұжырымдай келе келесідей қорытындылар жасауға болады. Қазіргі қоғамның құндылық бағдарларының жүйесі адам құқықтары туралы идеямен, яғни туғаннан бастап барлығына тиесілі негізгі құқықтардың жиынтығымен анықталады. Бұл құқықтарды қорғау және қамтамасыз ету әр мемлекетке міндет ретінде жүктеледі. Халықаралық актілер мен ұлттық заңнаманы талдау білім беру қызметі саласындағы жеке тұлғаның құқықтары кешенді сипатқа ие екенін көрсетті. Бұл кешен халықаралық актілерде бекітілген жеке құқықтар мен ұлттық заңнамада бекітілген адам құқықтарын қамтиды, олар жеке тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтайтын жалпы адам құқықтарына және арнайы құқықтарға бөлінеді. Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың қағидалары ретінде білім беру ортасындағы адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеуге және іске асыруға арналған мынадай нормалар бекітілген: барлығының сапалы білім алуға теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуын, психофизикалық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, халық үшін барлық деңгейдегі білімге қолжетімділік; білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы; адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы. Сонымен қатар «Білім туралы» қазақстандық заңда білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі бекітілген, олар арнайы сипатқа ие және мемлекеттік стандарттар шеңберінде сапалы білім алуға кепілдік беруге бағытталған. Адамның жалпы құқықтары мен бостандықтары білім беру құқығында құқықтық қағидастар, білім алу құқығының кепілдіктері, заң актілері, корпоративтік нормалар, білім беру саласындағы қатынастарды кешенді түрде реттейтін моральдық нормалар түрінде егжей-тегжейлі сипатталған. Нормашығармашылық қызметті мақсатты жоспарлау, ғылыми негізделген және тәжірибемен тексерілген тәсілдер негізінде білім беру саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жүзеге асыру жалпы білім туралы заңнаманың үдемелі дамуына, оның толықтығын, қарама-қайшылығын, осы саланың объективті қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге және сол арқылы білім алу құқығын іске асыру мен қорғаудың тиісті құқықтық кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лукашева Е.А. Права человека / Е.А. Лукашева. — М.: НОРМА-ИНФРА, 1999. — 573 с.
- 2 Козлов Ю.М. Административные правоотношения / Ю.М. Козлов. — М.: Юрид. лит., 1976. — 184 с.
- 3 Андреев В.С. Социальное обеспечение в СССР / В.С. Андреев. — М.: Знание, 1968. — 254 с.
- 4 Малейн Н.С. Гражданско-правовое положение личности в СССР / Н.С. Малейн. — М.: Наука, 1975. — 399 с.
- 5 Сапарғалиев Г.С. Отношения по воспитанию и обучению — предмет правового регулирования / Г.С. Сапарғалиев // Советское государство и право. — 1977. — № 8. — С. 122–128.
- 6 Ягофаров Д.А. Образовательное нормотворчество и образовательные правоотношения в механизме правового регулирования в сфере образования (теоретико-правовой аспект) / Д.А. Ягофаров // Право и образование. — 2006. — № 4. — С. 123–130.
- 7 Конституция Республики Казахстан. 30 августа 1995 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://online.zakon.kz>.
- 8 Закон Республики Казахстан «Об образовании». 27 июля 2007 г. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://online.zakon.kz>.
- 9 Чхиквадзе В.М. О системе советского права / В.М. Чхиквадзе, Ц.А. Ямпольская // Советское государство и право. 1967. — № 9. — С. 32–40.
- 10 Веденеев Ю.А. О применении системного подхода в исследовании права (введение в методологию проблемы) / Ю.А. Веденеев // Проблемы государства и права: Тр. науч. сотруд. и аспиранта. — 1974. — № 9. — С. 55–60.
- 11 Булыгин А.С. Риски в деятельности образовательных организаций: организационно-правовые аспекты / А.С. Булыгин, Н.В. Самсонова // Научный диалог. — 2018. — № 1. — С. 222–230.

А.Б. Шакирова, А. Лавничак, Н.Р. Весельская

Нормативно-правовое регулирование реализации прав человека в образовательной среде

В статье раскрыт правовой механизм реализации прав человека в образовательной среде; рассмотрены особенности этого института, актуальные вопросы правового закрепления и практической реализации прав человека в сфере образования; предложены пути решения проблем осуществления полноценного и качественного обеспечения конституционного права граждан на образование в условиях развития правового государства и гражданского общества. На основе общих и специальных научных методов познания проведены анализ и обобщение теоретического и эмпирического материала. Результатом исследования является выявление тенденций развития нормативно-правового регулирования прав человека в образовательной среде и определение перспектив дальнейшей модернизации законодательства в сфере образования. Права человека в сфере образования регулируют общественные отношения, связанные с любыми формами обучения и воспитания, и формируют правовые механизмы реализации прав человека. Целью исследования является разработка путей совершенствования нормативно-правового регулирования прав человека в образовательной среде с учетом особенностей защиты и обеспечения прав человека в данной сфере, а также формирование конкретных рекомендаций по системной модернизации законодательства об образовании в Республике Казахстан.

Ключевые слова: образование, сфера образования, право на образование, нормативно-правовое регулирование, теория права, права человека, правоотношения, комитторные правоотношения, образовательная сфера.

A.B. Shakirova, A. Lavnichak, N.R. Veselskaya

Legal regulation of the implementation of human rights in the educational environment

The article reveals the legal mechanism of the realization of human rights in the educational environment and examines the main features of this institution. Topical issues of legal consolidation and practical realization of human rights in the field of education are considered, ways of solving the problems of implementing full and high-quality provision of the constitutional right of citizens to education in the conditions of the development of the rule of law and civil society are proposed. On the basis of general and special scientific methods of cognition, the analysis and generalization of theoretical and empirical material is carried out. The result of the study is to identify trends in the development of legal regulation of human rights in the educational environment and to determine the prospects for further modernization of legislation in the field of education. Human rights in the field of education regulate public relations related to any forms of education and upbringing and form legal mechanisms for the realization of human rights. The purpose of the study is to develop ways to improve the legal regulation of human rights in the educational environment, taking into account the peculiarities of the protection and enforcement of human rights in this area, as well as the formation of specific recommendations for the systematic modernization of legislation on education in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: education, sphere of education, right to education, legal regulation, theory of law, human rights, legal relations, commercial legal relations, educational spheres.

References

- 1 Lukashova, E.A. (1999). Prava cheloveka [Human rights]. Moscow: NORMA-INFRA [in Russian].
- 2 Kozlov, Yu.M. (1976). Administrativnye pravootnosheniia [Administrative legal relations]. Moscow: Yuridicheskaia literatura [in Russian].
- 3 Andreev, V. S.(1968). Sotsialnoe obespechenie v SSSR [Social security in the USSR]. Moscow: Znanie [in Russian].
- 4 Malein, N.S.(1975). Grazhdansko-pravovoe polozhenie lichnosti v SSSR [The civil status of the individual in the USSR]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Sapargaliev, G.S. (1977). Otnosheniia po vospitaniuu i obucheniiu — predmet pravovogo regulirovaniia [Relations on education and training — the subject of legal regulation]. *Sovetskoe gosudarstvo i pravo — The Soviet state and law*, 8, 122–128 [in Russian].
- 6 Yagofarov, D.A. (2006). Obrazovatelnoe normotvorchestvo i obrazovatelnye pravootnosheniia v mekhanizme pravovogo regulirovaniia v sfere obrazovaniia (teoretiko-pravovoi aspekt) [Educational rulemaking and educational legal relations in the mechanism of legal regulation in the field of education (theoretical and legal aspect)]. *Pravo i obrazovanie — Law and education*, 4, 123–130 [in Russian].

7 Konstitutsiia Respubliki Kazakhstan. 30 avgusta 1995 goda (s izmeneniiami i dopolneniiami) [Constitution of the Republic of Kazakhstan dated on August 30, 1995 (with amendments and additions)]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ [in Russian].

8 Zakon Respubliki Kazakhstan «Ob obrazovanii». 27 iiulia 2007 goda [The Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»]. Retrieved from [adilet.zan.kz/ kaz /docs/Z070000319_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) [in Russian].

9 Chhikvadze, V.M., & Yampolskaya, C.A. (1967). *O sisteme sovetskogo prava [On the system of Soviet law]*. *Sovetskoe gosudarstvo i pravo — The Soviet State and Law*, 9, 32–40 [in Russian].

10 Vedeneev, Yu.A. (1974). O primeneniі sistemnogo podkhoda v issledovanii prava (vvedenie v metodologiiu problemy) [On the application of a systematic approach in the study of law (introduction to the methodology of the problem)]. *Problemy gosudarstva i prava: Trudy nauchnykh sotrudnikov i aspirantov — Problems of state and law: proceedings of researchers and post-graduates*, 9, 55–60 [in Russian].

11 Bulygin, A.S., & Samsonova, N.V. (2018). Riski v deiatelnosti obrazovatelnykh organizatsii: organizatsionno-pravovye aspekty [Risks in the activities of educational organizations: organizational and legal aspects]. *Nauchnyi dialog — Scientific Dialogue*, 1, 222–230 [in Russian].

Букетов University